

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ / HUMANITIES AND ARTS / SOCIAL SCIENCES

ӘОЖ 94(574):325.3"18"

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ)

Егембердиева А.Қ.

2 курс магистранты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Ермұқанов Е.Н., тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Бұл мақалада Ресей империясының XIX ғасырдың соңғы ширегінде Ақмола облысын отарлау саясаты тарихи-тарихнамалық тұрғыдан зерттеледі. Зерттеу барысында патша үкіметінің әкімшілік және әскери-құқықтық шаралары, қазақ жерін әкімшілік бөлу мен қоныстандыру саясатының негізгі бағыттары талданады. Сонымен қатар, отарлау саясатының қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына, жер пайдалану саласына және мәдени өміріне әсері жан-жақты қарастырылады. Мақалада Ресей империясының отарлау саясатының өңірдегі өзгерістер мен әлеуметтік-экономикалық үрдістерге ықпалы, сондай-ақ бұл процестің Ақмола облысының тарихындағы орны айқындалады.

Кілт сөздер: Ресей империясы, Ақмола облысы, Отарлау саясаты, Тарихнамалық талдау, Қазақ жерлері, Әкімшілік реформалар, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер.

Кіріспе

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Ресей империясының шығыс аймақтарға бағытталған кеңею саясаты жүйелі сипат алып, Қазақстан аумағы империяның аграрлық, әскери және әкімшілік мүдделерін іске асыратын стратегиялық кеңістікке айналды. Соның ішінде Ақмола облысы қоныс аудару, жер саясаты және әкімшілік реформаларды сынақтан өткізу аймағы ретінде ерекше рөл атқарды. Әскери шептерді нығайту, «Дала ережесін» енгізу, Қоныс аудару басқармасының құрылуы және «артық жер» ұғымының заңдастырылуы жер қорын қайта бөлуді жеделдетіп, қазақтардың дәстүрлі жер пайдалану жүйесін түбегейлі өзгертті.

Қазақстанды отарлау мәселесі тарихнамада әр кезеңде түрліше интерпретацияланды: дореволюциялық еңбектерде ол «өркениеттік миссия»

ретінде түсіндірілсе, кеңестік кезеңде «прогрессивті ықпал» концепциясы басым болды, ал тәуелсіздік дәуірінде оның отарлық мазмұны мен салдарын қайта бағалау үрдісі күшейді. Осы мақалада XIX ғасырдың соңындағы Ақмола облысындағы отарлау саясатының әкімшілік, аграрлық және демографиялық тетіктері мен олардың тарихнамалық бағасы талданады. Зерттеу объектісі – Ресей империясының Ақмола облысындағы отарлау саясаты, ал мақсаты – өңірде жүргізілген отарлық реформалардың механизмдерін және олардың қазақ қоғамына ықпалын кешенді түрде ашу.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің деректік негізін XIX ғасырдың соңында Ресей империясының Ақмола облысындағы отарлау саясатын сипаттайтын сан қырлы материалдар құрайды. Дереккөздер қатарына ресми заңнамалық актілер, әкімшілік-статистикалық есептер, этнографиялық және географиялық сипаттамалар, сондай-ақ кеңестік және қазіргі тарихнамалық еңбектер енеді. Бұл материалдар отарлау үдерісін кешенді қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеуде патша үкіметінің отарлық әкімшілік жүйесін қалыптастырған негізгі құжаттар: 1889 жылғы қоныстануды заңдастырған жарлық, 1891 жылғы «Дала ережесі», 1896 жылдан кейінгі Қоныс аудару басқармасының нұсқаулықтары пайдаланылды. Бұл құжаттар империяның жер саясаты мен басқару тетіктерін анық көрсеткенімен, олардың мәтіні биліктің идеологиялық ұстанымдарын бейнелейтінін ескере отырып, сыни талдаумен қолданылды.

Көші-қон динамикасын, қоныстанушылардың шығу тегін және жер қорының қайта бөлінуін анықтауда 1897 жылғы халық санағы, Қоныстандыру басқармасының есептері және облыстық статистикалық жинақтар маңызды дерек болды. Сонымен қатар «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Киргизский край», «Азиатская Россия» сияқты көптомдық басылымдар мен В. Витебский, Н. Аполлова еңбектері аймақтың шаруашылық және кеңестік ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік берді. Алайда бұл еңбектердегі отаршылдық көзқарастарға байланысты этнографиялық мәліметтер идеологиялық контексті ескере отырып талданды. Зерттеуде кеңестік (С. Асфендияров, Н. Аполлова) және тәуелсіздік кезеңіндегі (А. Әбділдабекова, Ж. Құндықбаева, М. Қозыбаев) тарихнамалық еңбектер салыстырылып, отарлау мәселесінің интерпретациясының өзгеруі айқындалды. Әдістемелік тұрғыдан тарихи-сыни талдау ресми құжаттардың мазмұнын ашуға, тарихнамалық салыстыру түрлі кезең көзқарастарын бағалауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар компаративті және контекстуалдық тәсілдер Ақмола облысындағы отарлау ерекшеліктерін кеңірек тарихи жағдаймен байланыста қарастыруға негіз болды.

Жалпы, осындай деректер мен әдістердің үйлесімі Ақмола облысындағы отарлық өзгерістердің тарихи логикасын кешенді түрде түсіндіруге мүмкіндік берді.

Талқылау.

XIX ғасырдың соңына қарай Ақмола облысы Ресей империясының отарлық саясатын іске асыратын басты аймақтардың біріне айналды. Империяның мақсаты – далалық кеңістікті әскери-саяси бақылауға алып, оны аграрлық және демографиялық тұрғыдан игеру болды. Петр I тұсынан басталған шығысқа бағытталған стратегия қазақ жерін Орта Азияға шығатын өткел әрі империялық ықпал аймағы ретінде қарастырды. Бұл көзқарас Жайық пен Ертіс бойында әскери бекіністердің салынып, казактардың шоғырландырылуымен беки түсті.

Т. Шонанұлы бұл үрдісті Ресей империясының кеңістікті жүйелі игеру саясаты ретінде түсіндіреді. Оның айтуынша, бекіністер тізбегі қазақ жерін «ішкі аймаққа» айналдырудың алғашқы кезеңі болды [1]. Бұл тұжырым В. Витевский еңбектерінде де қолдау табады: ол қазақ даласын қауіптен қорғайтын буфер ғана емес, сауда мен Азия бағытындағы стратегияның негізгі кеңістігі ретінде сипаттайды. Осылайша әскери-әкімшілік шептер отарлау саясатының өзегіне айналып, қоныстандырудың келесі кезеңіне негіз қалады [2].

Әскери инфрақұрылым орныққаннан кейін империя қоныс аударушыларды жүйелі түрде орналастыруға кірісті. Алғашқы легін казак әскерлері құрады: олар Жетісу, Ақмола, Семей өңірлеріне қоныстандырылып, миллиондаған десятина жер иеленді. Казактар әскери қызметімен қатар, жергілікті табиғатты, жолдарды жақсы білетін әлеуметтік тірек ретінде билікке тиімді болды [5].

Осы тарихи динамика зерттеушілердің қазақ даласын отарлау үдерісін 2 кезеңге бөліп қарастыруына негіз болды. Алғашқы кезең – ерікті және бақылаусыз қоныстану. Бұл уақытта аймаққа тұрмыстық қиындықтан, жер тапшылығынан, діни қуғыннан немесе жазадан қашқан түрлі топтар келіп орналасты. Олар ресми рұқсатсыз-ақ жер игеріп, әсіресе Оралдың оңтүстігі мен Ақмола маңындағы аумақтарға шоғырланды. Екінші кезең – әскери және мемлекеттік құрылымдардың жүйелі түрде орнығуы. Қазақ даласын бақылаудың негізгі құралы ретінде казак әскерлері пайдаланылды [3]. Зерттеушілер ұсынған осы екі кезеңдік схема Ақмола облысындағы қоныстану тарихымен толық сәйкес келеді және аймақтағы демографиялық үдерістердің қалай басталғанын түсіндіреді.

Ақмола облысындағы орыс шаруаларының ресми түрде тіркелген қоныстануы 1870-жылдардың екінші жартысында ғана көрсетілгенімен, мұрағат материалдары бұл үдерістің әлдеқайда ертерек стихиялық түрде басталғанын айғақтайды [7]. Әкімшілік аймақты формалды түрде «қоныстануға жабық» деп жариялағанымен, іс жүзінде империялық бақылаудың әлсіздігі шаруалардың рұқсатсыз көшуіне мүмкіндік берді. Сондықтан алғашқы қоныстану толқыны мемлекет тарапынан ұйымдастырылған саясаттың емес, шаруалардың өз мүддесі мен жер тапшылығына байланысты бастамаларының нәтижесі болды.

Осыны дәлелдейтін мысалдардың бірі – 1866 жылы Көкшетау уезіндегі Саумалкөл маңында Пермь мен Тобыл губернияларынан келген қоныстанушылардың бейресми түрде ауыл құруы. Бар болғаны төрт жыл ішінде ол 50 үйге дейін өсіп, кейін ресми аумақтық құрылымға енгізілген тірек пунктіне айналды. Сол сияқты 1884 жылы Петропавл уезіндегі Явленное мен Көкшетау уезіндегі Құндықкөл де стихиялық көштің нәтижесінде пайда болған елді мекендер еді [5]. Берілген деректер Ақмола облысындағы қоныс аудару үдерісінің империяның ресми саясатына қарағанда, стихиялық көші-қонды бақылаусыз қалдыру арқылы отарлық мақсаттарға қолайлы жағдай туғызғанын көрсетеді. Жер тапшылығынан қашқан шаруалардың өз бетімен енуі патша әкімшілігі үшін бастапқыда «бейберекет қозғалыс» болып көрінгенімен, билік бұл жағдайды кейін отарлық инфрақұрылымның іргетасын нығайтуға тиімді пайдаланды [3].

Мұндай жолмен қалыптасқан бейресми ауылдар көп ұзамай толыққанды орыс селоларына айналды. Олардың кеңеюі кейде қазақтар тарапынан қарсылық туғызғанымен, патша үкіметі бұл стихиялық әрекеттерге көңіл аударып, ресми сипат беруге ұмтылды. Мұны 1889 жылғы 13 шілдеде қабылданған «Село тұрғындары мен мешандардың қазыналық жерлерге өз еркімен қоныс аударуы туралы» заң да дәлелдейді. Алайда, бұл заң қабылданғанға дейін-ақ Ақмола облысында 317 жанұядан тұратын стихиялық қоныстанушылар мекендеп жатты [6].

Бұл өзгерістің әсері қысқа мерзімде-ақ байқалды: статистикалық деректер қоныстандыру қарқынының айтарлықтай жеделдегенін көрсетеді. 1889 жыл ішінде шаруалар қонысы 19-дан 24-ке өсіп, халық саны 8 352 адамнан 11 740 адамға жетті. 1890 жылы Ресейдің 32 губерниясынан 15 мыңнан астам шаруаның Ақмола облысынан жер сұрап шоғырлануы империяның аймақты жүйелі түрде игеруге көшкенін айғақтады. Осы демографиялық серпін стихиялы қоныс аударудың жаңа, бақылаусыз фазасына өтуіне негіз болды. Кауфманның деректері бұл кезеңде өз бетімен келгендердің саны күрт артқанын, ал кейбір уездерде әкімшілік олардың қозғалысын мүлде тоқтата алмағанын көрсетеді. Ақмола және Қостанай уездеріндегі рұқсатсыз қоныстанушылардың көбеюі қазақтардың дәстүрлі шаруашылық кеңістігін – жайлау мен қыстау жүйесін – тарылтып, мал шаруашылығына елеулі нұқсан келтірді [4]. Бұл жағдай жер дауын күшейтіп, аймақтағы әлеуметтік тұрақтылыққа қауіп төндірді. Кауфман бұл мәліметтерді отарлық басқарудың шектеулілігін көрсететін дерек ретінде келтіргенімен, оларды отарлау саясатын сынау үшін пайдаланбайды. Керісінше, ол стихиялық көші-қонның ауыр салдарын империялық қоныстандыру жүйесін «ғылыми жоспарлаумен» күшейту қажеттілігін дәлелдейтін аргумент ретінде ұсынады [8]. Осылайша, Кауфманның пайымдары бір жағынан отарлық әкімшіліктің әлсіз тұстарын ашса, екінші жағынан дәл осы әлсіздіктерді орталықтандырылған және

жеделдетілген қоныстандыру арқылы түзетуді көздеген империялық идеологияны айқын көрсетеді.

1897 жылғы алғашқы жалпыимпериялық халық санағы қазақ даласындағы демографиялық өзгерістердің ауқымын нақты көрсетті: орыс, украин және белорус тұрғындарының үлесі 12 пайызға, ал Ақмола облысында 21 пайызға дейін көтерілді. 1888–1890 жылдары облысқа 20 мыңға жуық мигранттың ағылуы бұл үрдісті одан әрі жеделдетті. 1896 жылы Қоныс аудару басқармасының құрылуы қоныстандыруды заңдастырып, оның отарлық сипатын мемлекеттік деңгейде бекітті [5]. Бұл саясаттың салдары қазақ қоғамы үшін аса ауыр болды. Жер қорының империялық мақсатта қайта бөлінуі дәстүрлі шаруашылық құрылымды күйретіп, қазақтардың ата қоныстарынан айырылуына әкелді. Шұрайлы жайылымдар мен шабындықтардың қоныс аударушыларға берілуі жерді тарылту ғана емес, қазақтарды шетке ығыстырудың жүйелі механизміне айналды.

Отарлық кеңістікті қайта межеллеу үдерісі ғылыми-этнографиялық еңбектерде де көрініс тапты. Мысалы, П. Хворостанский Атбасар уезінің көшпелі топтарының жайылымдық құрылымын сипаттай отырып, жерді отбасы және ру деңгейінде бөлшектеуді «даму үрдісі» деп түсіндіреді [9]. Алайда бұл пайымдаулар қазақ қоғамының ішкі шаруашылық логикасын ашудан гөрі, отарлық жер саясатына әдіснамалық негіз қалыптастыруға бағытталған еді. Осылайша, Хворостанский еңбегі де кеңістікті империялық мүдде тұрғысынан түсіндіру тәжірибесінің бір бөлігі болды.

Осы тұста аталған үдерістердің ғылыми әдебиеттегі бағалануы да әр кезеңде біркелкі болмағанын атап өткен жөн. Кеңестік тарихнамада Ақмола облысындағы отарлау саясаты көбіне империяның «прогрессивті ықпалы» мен қазақ–орыс қатынастарының «тарихи жақындасуы» тұрғысынан түсіндірілді. Мәселен, Н.Г. Аполлова қазақ даласының Ресей құрамына енуін шаруашылық байланыстарды кеңейткен, сауда жолдарын ашқан, «артта қалған феодалдық қатынастарды» ыдыратқан үдеріс ретінде сипаттады [7].

1920-жылдары Орталық Азия мен Қазақстан тарихын зерттеу саласында империялық биліктің әрекеттеріне қатысты әлдеқайда қатаң және сындарлы көзқарас қалыптасты. Бұл жаңа бағыт Ресей экспансиясын «прогрессивті ықпал» ретінде түсіндіретін дореволюциялық тұжырымдамалардан түбегейлі бас тартумен ерекшеленді. Осы кезеңдегі еңбектерде Ресейдің шығыс бағытындағы саясаты М. Н. Покровский ұсынған «коммерциялық капитализм» теориясының негізінде, яғни экономикалық мүдделерге сүйенген агрессивті экспансия ретінде қарастырылды.

Г. Тоқжанова, Г. Сафарова, Г. Галузо және С. Асфендияров сияқты авторлар патшалық биліктің отарлық саясаттың нағыз мазмұнын жасырмай, оның әскери күшке, зорлық-зомбылыққа және жергілікті халықты ығыстыруға негізделгенін атап өтті. Бұл зерттеушілер империяның қазақ даласына

«өркениет әкелу» туралы тезистерін ғылыми тұрғыдан жоққа шығарып, отарлық әрекеттердің нақты зардаптарын – тонаушылық, күштік қысым, әлеуметтік құрылымның бұзылуы – тарихи шындық деңгейінде ашып көрсетті.

Ал, С. Асфендияров қазақ өлкесін басқару жүйесіне байланысты империялық авторлардың тұжырымдарын қайта қарап, олардың отарлық мәнін ашып көрсеткен зерттеушілердің қатарында. Оның пікірінше, Ресей империясы қазақ даласын басқаруда «әскери-феодалдық» сипаттағы отарлау әдістерін қолданды. Ол бұл жүйе әскери бақылауды, әкімшілік қысымды және жерді күшпен тартып алуды біріктірген күрделі отарлық аппарат екенін атап өтеді [15]. Сонымен қатар, Кауфман мен П. Хворостанский еңбектері қазақ даласындағы қоныстандыруды империялық көзқарас тұрғысынан түсіндіруге тырысса, кеңестік кезеңдегі бірқатар зерттеушілер бұл тұжырымдарға сыни баға берді. Солардың ішінде П. Г. Галузо ерекше орын алады.

П.Г.Галузо XIX–XX ғасырлардағы орыс авторларының еңбектерін талдай отырып, олардың көпшілігі патша өкіметінің отарлау саясатын бүркемелеуге ұмтылғанын көрсетеді. Ол империялық тарихнамада қазақ және Орта Азия халықтарын «артта қалған» немесе «өркениетке мұқтаж» қоғамдар ретінде сипаттау отарлық экспансияны ақтау мақсатында қолданылған идеологиялық тәсіл екенін дәлелдейді.

Тәуелсіздік жылдарындағы зерттеулер бұл тұжырымдарды түбегейлі қайта қарастырып, Ақмола облысындағы өзгерістерді ашық отарлық саясаттың құрамдас бөлігі ретінде бағалайды. А. Әбділдәбекова, Б. Әйтенова, Ж. Құндықбаева, М. Қозыбаев және И.В. Ерофеева еңбектерінде қоныс аудару мен жер саясаты империяның қазақ даласын әскери, аграрлық және демографиялық тұрғыдан жүйелі иемдену тетігі ретінде түсіндіріледі. Бұл авторлар «артық жер», аренда, Переселен басқармасының қызметі, казак әскерлерінің жер иелігі сияқты механизмдердің Ақмола облысында дәстүрлі шаруашылықты күйретіп, жер қатынастарын отарлық үлгіге көшіруге қалай әсер еткенін нақты деректермен көрсетеді [13]. Осы арқылы кеңестік тарихнамадағы «ерікті қосылу» және «прогрессивті ықпал» концепциялары мифологиялық сипаттағы интерпретациялар ретінде сынға алынады [14].

Академик М. Қозыбаев Ресей империясының Қазақстанға қатысты саясаты кездейсоқ тарихи құбылыс емес, империяның кеңістік пен ресурсты игеруге бағытталған геосаяси мүддесі екенін атап көрсетеді [10]. Оның пікірінше, қазақ даласының Ресей құрамына қосылуы туралы кеңестік кезеңде орныққан «өз еркімен бірігу» концепциясы тарихи шындыққа сай келмейді. Сондықтан Қозыбаев бұл тұжырымды ғылыми айналымнан шығарып, отарлау үдерісін нақты тарихи контекстімен, яғни империялық мақсаттар мен күштік механизмдер арқылы түсіндіру қажеттігін жазады.

Қазіргі қазақ тарихшыларының бір бөлігінде XVIII–XX ғасырдың басындағы орыс–қазақ қарым-қатынастарынан «оң ықпалды» тұстарды табуға

ұмтылыс байқалады. Бұл бағыттағы пікірлердің бірін Е. С. Сыздықова өз зерттеулерінде қарастырады. Ол патша армиясының Бас штабынан шыққан офицер-зерттеушілердің еңбектерін талдай отырып, олардың негізгі мақсаты – Ресей билігінің қазақ қоғамы үшін «қолайлы» әрі «өркениетті» басқару үлгісі екенін дәлелдеуге тырысқанын көрсетеді. Сыздықованың пайымдауынша, бұл авторлар Қоқан, Хиуа, Бұхара немесе Қытай секілді көрші күштердің билігін жағымсыз етіп сипаттап, Ресейдің үстемдігін салыстырмалы түрде тиімді етіп көрсетуге мүдделі болған. Алайда мұндай тұжырымдар империялық дискурсты ғылыми объект ретінде сын тұрғысынан бағалауды талап етеді. Ресей билігінің артықшылығын дәлелдеуге бағытталған бұл еңбектер көбіне отарлық идеологияның өзіндік көрінісі болды: олар патшалық экспансияны ақтау үшін қазақ қоғамын «өсуге мұқтаж», «сыртқы бағытта жетелейтін күш қажет» деген түсінікке негіздеп көрсетті. Осындай әдіснамалық тәсіл жергілікті өзіндік басқару жүйесін, көшпелі қоғамның ішкі дамуын әдейі төмендетіп, отарлық үстемдікті тарихи заңдылық ретінде көрсетуге қызмет етті [16]. Демек, Сыздықова талдаған бұл еңбектер отарлық ойлау тәсілінің қалай қалыптасқанын көрсетсе, осы идеологиялық негіз кейінгі ресми «ғылыми экспедициялар» қызметінде де анық байқалды. Мұның айқын дәлелі – Бөкейханов қызмет атқарған Щербина экспедициясы. Бұл тұста 1896–1903 жылдары Ф. А. Щербина экспедициясына қатысуы отарлық кезеңдегі ресми ғылыми зерттеулердің мазмұнын қайта бағалауға мүмкіндік беретін маңызды дерек болып табылады. Экспедицияның сыртқы мақсаты – Ақмола, Семей және Торғай облыстарындағы жер-су қатынастары мен шаруашылық құрылымын зерттеу – іс жүзінде қоныстандыру саясатын ғылыми тұрғыдан негіздеу міндетін атқарды. Яғни бұл жұмыс империяның аграрлық реформаларына құралдық сипат беруге бағытталды.

Ә.Бөкейханов экспедиция құрамында статист ретінде жұмыс істей отырып, қазақ жерін өлшеу мен сипаттауға арналған бұл зерттеудің түпкі ниетінің отарлық бағытта екенін ерте аңғарды. Оның «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи» атты еңбегінде Ресейдің қазақ жерін «бейбіт жолмен қосылды» деген түсінікке қарсы ғылыми дәлелдер келтіріледі. Бөкейханов жаулап алу, күшпен бағындыру ұғымдарын нақтылай отырып, патша өкіметінің қазақ даласын әскери тәсілдер арқылы біртіндеп өз бақылауына алғанын көрсетеді.

Кеңестік тарихнамаға қатысты сыншыл көзқарастардың бірі Міржақып Дулатов еңбектерінде көрініс табады. Ол Қазақстанның Ресей империясына қосылуы жөніндегі кеңес дәуіріндегі түсіндірулердің шынайы тарихи мазмұнды бұрмалауға ұшырағанын атап өтеді. Дулатовтың пікірінше, патша өкіметінің қазақ жеріне қатысты саясаты «ерікті қосылу» немесе «өзара тиімді ықпалдастық» емес, тікелей отарлауға бағытталған жүйелі экспансия болды.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер қазақ даласының отарлануына қатысты тарихнамалық пікірлер ұзақ уақыт бойы саяси конъюнктураға тәуелді болғандығын көрсетеді. Империялық авторлар – отарлауды ақтады, кеңестік тарихшылар – оны идеологиялық тұрғыдан сынға алды, ал тәуелсіздік кезеңі бұл процесті фактілік дәлдік пен сыни әдіснамаға сүйене отырып, жан-жақты бағалауға мүмкіндік берді. Осылайша, мәселенің тарихи интерпретациясы кезеңдер бойынша кеңейіп, мазмұндық тұрғыдан тереңдей түсті.

Қорытынды.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Ақмола облысындағы отарлау саясаты Ресей империясының қазақ қоғамын құрылымдық тұрғыдан қайта құруға бағытталған кең ауқымды жобасының құрамдас бөлігі болды. Әскери-әкімшілік бақылауды күшейту, аграрлық қоныс аудару жүйесін институционалдандыру және «артық жер» ұғымын заңдастыру сияқты шаралар қазақтардың дәстүрлі шаруашылық цикліне, әлеуметтік стратификациясына және жерге меншік жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізді.

Қоныстанушылардың жылдан жылға көбеюі қазақтардың жерден ығыстырылуына, шаруашылық тұрақтылығының әлсіреуіне және отарлық капиталистік қатынастардың орнығуына әкелді. Бұл аймақ империя үшін демографиялық тірекке айналып, қазақ даласы басқарудың жаңа отарлық үлгісін сынақтан өткізетін кеңістік болып қалыптасты.

Осылайша, Ақмола өңірінің мысалында Ресей империясы жүргізген саясаттың саяси-экономикалық салдары ғана емес, оның отарлық табиғаты да айқын көрінеді. Кеңестік тарихнаманың ұзақ уақыт бойы көмескілендіріп келген бұл шындық тәуелсіздік кезеңіндегі жаңа зерттеулер нәтижесінде объективті ғылыми талдауға түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шонанов Т. Қазақ жер мәселесінің тарихы. 2-інші баспа. Толық. – Астана: «Алтын кітап», 2007. 330 б. (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 27-том)
2. В. Витебский. Том II, 445–456-беттер.
3. Ерофеева И. В. Столыпинская аграрная реформа и массовое переселение славянского и немецкого крестьянства (1900–1907) // В книге: Масанов Н. Э., Абылхожин Ж. Б., Ерофеева И. В., Алексеенко А. Н., Баратова Г. С. История Казахстана. Народы и культуры. Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. 608 с.
4. Демко Дж. Орыстардың Қазақстанды отарлауы. Алматы: Ғылым, 1997. 230 б.
5. Азиатская Россия, Т. С., 491–492-бб.
6. Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Том 18. Киргизский край. Санкт-Петербург, 1903. 488 с.

7. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России. Издательство Академии наук Казахской ССР. Алма-Ата, 1948. 247 с.
8. Кауфман Переселение и колонизация /ч-1. 1905г.
9. Вопросы колонизации : периодический сборник. - № 1 (1907)-№ 20 (1917). -Санкт-Петербург, 1907-1917.
10. Козыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана. Алматы: «Ғылым», 2006. 272 с.
11. Асфендияров С. Қазақстан тарихының очерктері. Алматы: «Санат», 1994. 120 б.
12. Абенов Д.Қ. Патша өкіметінің өлкедегі отарлау тарихынан. Жұбанов тағлымы: VI Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Ақтөбе, 2005. 530 б. 413–415 беттер.
13. Абдилдабекова А.М. Историография присоединения Казахстана к России: автореф. дис. ... канд. ист. наук. Алматы, 2001.
14. Кундакбаева Ж.Б. Проблема политики России в Казахстане в XVII–XIX вв. в отечественной историографии //
15. Асфендияров С. Қазақстан тарихының очерктері. –Алматы: «Санат», 1994. –120 б
16. Сыздыкова Е.С. Российские военные и Казахстан: Вопросы социально-политической и экономической истории Казахстана XVIII–XIX вв. в трудах офицеров Генерального штаба России / под ред. Н.Е. Бекмахановой. М., 2005.

ИСТОРИОГРАФИЯ КОЛОНИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ В КОНЦЕ XIX ВЕКА

Егембердиева А.К.

Научный руководитель: Ермуханов Е.Н. ,кандидат исторических наук,
доцент

В данной статье рассматривается колониальная политика Российской империи в Акмолинской области в последней четверти XIX века с историко-историографической точки зрения. В исследовании анализируются административные и военно-правовые меры царского правительства, основные направления политики административного деления и заселения казахских земель. Кроме того, всесторонне рассматривается влияние колониальной политики на социальную структуру казахского общества, землепользование и культурную жизнь. В статье также раскрывается влияние колониальной политики Российской империи на изменения в регионе и

социально-экономические процессы, а также место этого процесса в истории Акмолинской области.

Ключевые слова: Российская империя, Акмолинская область, колониальная политика, историографический анализ, казахские земли, административные реформы, социально-экономические изменения.

HISTORIOGRAPHY OF THE COLONIAL POLICY OF THE RUSSIAN EMPIRE IN AKMOLA OBLAST IN THE LATE 19TH CENTURY

Yegemberdiyeva A.K.

Scientific supervisor: Yermukhanov Y.N. , Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

This article examines the colonial policy of the Russian Empire in the Akmolinsk region during the last quarter of the 19th century from a historical and historiographical perspective. The study analyzes the administrative and military-legal measures of the tsarist government, as well as the main directions of administrative division and settlement policies on Kazakh lands. Additionally, the article comprehensively explores the impact of colonial policy on the social structure of Kazakh society, land use, and cultural life. The influence of the Russian Empire's colonial policy on regional changes and socio-economic processes is also highlighted, along with the significance of this process in the history of the Akmolinsk region.

Keywords: Russian Empire, Akmolinsk region, colonial policy, historiographical analysis, Kazakh lands, administrative reforms, socio-economic changes.

REFERENCES

1. Shonarov, T. The History of the Kazakh Land Issue. 2nd ed. Astana: Altyn Kitap, 2007. 330 p. (Library of Kazakh Ethnography, Vol. 27).
2. Vitebskii, V. I. I. Nepluev and the Orenburg Region in Its Former Composition until 1759. Vol. II. Kazan, 1897. pp. 445–456.
3. Erofeeva, I. V. "The Stolypin Agrarian Reform and the Mass Resettlement of Slavic and German Peasants (1900–1907)." In: Masanov N. E., Abylkhozhin Zh. B., Erofeeva I. V., Alekseenko A. N., Baratova G. S. History of Kazakhstan: Peoples and Cultures. Almaty: Daik-Press, 2001. 608 p.
4. Demko, George. The Russian Colonization of Kazakhstan. Almaty: Gylym, 1997. 230 p.

5. Asiatic Russia. Vol. III. Saint Petersburg, 1914, pp. 491–492.
6. Russia: A Complete Geographical Description of Our Fatherland. Vol. 18: The Kirgiz Region. Saint Petersburg, 1903. 488 p.
7. Apollova, N. G. The Incorporation of Kazakhstan into Russia. Alma-Ata: Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1948. 247 p.
8. Kaufman, A. A. Resettlement and Colonization. Part 1. Saint Petersburg, 1905.
9. Questions of Colonization. Periodical collection. Nos. 1 (1907) – 20 (1917). Saint Petersburg, 1907–1917.
10. Kozybaev, M. K. Problems of Methodology, Historiography and Source Studies of the History of Kazakhstan. Almaty: Gylm, 2006. 272 p.
11. Asfendiyarov, S. Essays on the History of Kazakhstan. Almaty: Sanat, 1994. 120 p.
12. Abenov, D. K. “From the History of the Colonial Policy of the Tsarist Government in the Region.” In: Zhubanov Tagylymy: Materials of the 6th International Scientific-Theoretical Conference. Aktobe, 2005, pp. 413–415.
13. Abdildabekova, A. M. Historiography of the Incorporation of Kazakhstan into Russia. Abstract of the Candidate of Historical Sciences Dissertation. Almaty, 2001.
14. Kundakbayeva, Zh. B. “The Problem of Russian Policy in Kazakhstan in the 17th–19th Centuries in Domestic Historiography.” [Missing publication details; can be completed if needed.]
15. Asfendiyarov, S. D. History of Kazakhstan (from Ancient Times). Vol. 1. Alma-Ata, 1936.
16. Syzdykova, E. S. Russian Military Officers and Kazakhstan: Issues of Socio-Political and Economic History of Kazakhstan in the 18th–19th Centuries in the Works of the General Staff Officers. Edited by N. E. Bekmakhanova. Moscow, 2005.